

Түркі Академиясын құру туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 15 қазандағы № 241-V ҚРЗ

2012 жылғы 23 тамызда Бішкекте жасалған Түркі Академиясын құру туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан

Республикасының

Президенті

Н.Назарбаев

Түркі Академиясын құру туралы

Келісім

(2014 жылғы 11 қарашада күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2014 ж., № 6, 57-құжат)

Әзербайжан Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Түрік Республикасының үкіметтері (бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын)

- 2009 жылғы 3 қазанда қол қойылған Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кенесін құру туралы Нахчыван келісімінің шарттарына сүйене отырып;

- 2010 жылғы 16 қыркүйекте Стамбул қаласында өткен Түркітілдес мемлекет басшыларының 10-шы Саммитінің Декларациясын назарға ала отырып;

- Түркі Академиясын құру қажеттілігін тани отырып;

- түркі халықтарын ортақ күш-жігерге біріктіретін және бағыттайтын түркі мәдениетінің тарихи және рухани рөлінің маңыздылығын тани отырып;

- түркі халықтарының адамзаттың тарихи-мәдени мұрасына және әлемдік өркениетті дамытудағы үлесін назарға ала отырып;

- түркітілдес мемлекеттер мен халықтар арасындағы достық қарым-қатынастарды нығайту үшін білім мен ғылым саласындағы ынтымақтастықты дамытуға толық шешіммен;

- түркі халқын академиялық зерттеулер мен білім беруге жәрдемдесу арқылы біріктіруге ықпал етуге ұмтыла отырып; төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кенесінің (бұдан әрі «Түркі Кенесі» деп аталатын) аясында халықаралық ұйым нысанындағы Түркі Академиясын құрады.

2-бап

Түркі Академиясының мақсаты мен міндеттері:

- түркі тілдерінің, әдебиеті мен мәдениетінің диахрондық зерттеулерін сақтауға, дамытуға және танытуға бағытталған түркология саласындағы зерттеулерді үйлестіру және оларға жәрдемдесу;

- түркологияны және түркология бойынша ғылыми зерттеулер саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу;

- жалпы түркі тарихы мен этнографиясын кешенді түрде оқытуды жүзеге асыру;

- түркі халықтарының мәдени және рухани мұрасына, олардың әлемдік өркениетті дамытуға қосатын үлесіне зерттеулер жүргізу, сондай-ақ әлемдік қоғамдастықты олардың жетістіктері туралы хабардар ету;

- Тараптардың тиісті мемлекеттік мекемелерінің, сондай-ақ басқа да түркітілдес мемлекеттердің ғылыми қауымдастықтарының, мәдени және білім беру топтарының бастамаларына жәрдемдесу және оларды көтермеледеу;

- ортақ көне мәтіндер мен ауызекі дереккөздерді қоса отырып, түркі тілдерінің бүкіл әлеуетін пайдаланып барлық түркі халықтары үшін ортақ әдеби тіл жасауға ұмтылу;

- барлық түркі тілдері үшін қолданылатын үйлестірілген алфавит әзірлеу;

- Тараптар мемлекеттерінің оқу орындары пайдалану үшін ортақ оқулықтар/әдістемелік материалдар дайындау мақсатында зерттеулер жүргізу;

- PhD докторантуралық бағдарламасы бойынша түркітанушы мамандар даярлау болып табылады.

3-бап

Түркі Академиясының орналасқан жері Қазақстан Республикасы, Астана қаласы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының Үкіметі Түркі Академиясы үшін тиісті ғимарат бөледі.

4-бап

Түркі Академиясы халықаралық ұйым ретінде жұмыс істейді, оны басқаруды құрамына әрбір Тараптан бір-бір өкілден, сондай-ақ Түркі Академиясының Президенті және вице-президенттері кіретін Ғылыми Кеңес жүзеге асырады. Ғылыми Кеңеске тәрағалық етуді Тараптар мемлекеттерінің ағылшын тіліндегі ресми атаулары бойынша алфавиттік тәртіпке сәйкес жыл сайын ротациялық негізде (кезектесе) Ғылыми Кеңес мүшелері жүзеге асырады.

Ғылыми Кеңес көпшілік дауыспен шешім қабылдайды.

Түркі Академиясы атқарушы органдының функциясын Ғылыми Кеңестің ұсынысы бойынша Түркі Кеңесінің мемлекет басшылары кеңесі (бұдан әрі МБК деп аталатын)

тағайындастын Президент жүзеге асырады. Президенттің азаматтығы бар Тарап мемлекетін қоспағанда, вице-президенттер әрбір Тарап мемлекетінен тағайындалады.

Президент Тараптар мемлекетінің азаматтары арасынан төрт жыл мерзімге қайта жаңарту негізінде тағайындалады. Тұңғыш Президент Қазақстан Республикасының азаматтары арасынан тағайындалады, келесі Президенттер Тараптардың ағылшын тіліндегі ресми атаулары бойынша алфавиттік тәртіпке сәйкес тағайындалады: Эзербайжан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Түрік Республикасы.

Президент кезек күттірмейтін шараларды талап ететін немесе іс-әрекетке қабілетсіздікке әкелетін науқас болған жағдайларда Ғылыми Кеңестің ұсынысы бойынша МБК шешімімен атқаратын лауазымынан шеттетілуі және/немесе босатылуы

мұмкін.

Вице-президенттерді Тараптар мемлекеттері азаматтары арасынан төрт жыл мерзімге қайта жаңарту негізінде Ғылыми Кеңес тағайындауды.

Вице-президенттер кезек күттірмейтін шараларды талап ететін немесе іс-әрекетке қабілетсіздікке әкелетін науқас болған жағдайларда атқаратын лауазымынан шеттетілуі және/немесе босатылуы мұмкін.

Ғылыми зерттеулердің бағыттарын Ғылыми Кеңес айқындауды. Ғылымға сінірген еңбегін есепке ала отырып зерттеушілер тартуды Түркі Академиясы жүзеге асырады. Зерттеушілер зерттеулердің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келісімшарт негізінде белгілі бір мерзімге тарталады.

Түркі Академиясының персоналын Президент тағайындауды.

5-бап

Түркі Академиясы жыл сайын МБК қарауына және бекітуге атқарылған жұмыс туралы есеп ұсынады.

6-бап

Түркі Академиясы атынан Президент жобасы Түркі Кеңесінің Сыртқы істер министрлерінің кеңесінде (бұдан әрі СІМК деп аталатын) алдын ала мақұлдануы тиіс, Қазақстан Республикасының аумағында Түркі Академиясын орналастыру шарттары мен тәртібі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметімен келісім жасасуға құқылы.

Түркі Академиясының өз мақсаттарын іске асыру үшін:

- шарттар жасасуға;

- мұлік сатып алуға және иеленуге;

- сотта талапкер немесе жауапкер болуға;

- есепшот ашуға және ақшалай активтерді транзакциялауға құқығы бар.

7-бап

Қазақстан Республикасының азаматтары не Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдар болып табылмайтын Түркі Академиясының Президенті және вице-президенттері мэртебесі бойынша дипломатиялық өкілдіктердің дипломатиялық персоналды мүшелеріне теңестірілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары не Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын адамдар болып табылмайтын, олармен бірге тұратын жұбайлары және некеде түрмәған, жасы 18-ге дейінгі балалары 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының 29 - 36-баптарына көзделген көлемде артықшылықтар мен иммунитеттерді

пайдаланады.

Түркі Академиясының шетелдік штаттық қызметкерлерінің артықшылықтары мен иммунитеттерінің көлемі Қазақстан Республикасының аумағына Түркі Академиясын орналастырудың шарттары мен тәртібі туралы келісімде айқындалатын болады.

Түркі Академиясының штаттық қызметкерлері қабылдаушы Тарап мемлекетінің заңнамасында көзделген салықтар мен міндettі жарналардан босатылады.

8-бап

Түркі Академиясы бюджет жобасын өзірлейді және жаңа қаржы жылдарын алдындағы жылдың бірінші жартышылдығында әрбір тармақ бойынша есептермен және негізdemелермен Тараптардың қарауына жібереді. Тараптар бюджет жобасын мақұлдағаннан кейін ол СІМК-де бекітіледі.

Тараптардың міндettі жарналарын (БҰҰ жарналарының қазіргі мөлшері және осыған үқсас өнірлік үйымдарға олардың қолданыстағы жарналары) Тараптардың төлем қабілетін ескере отырып, СІМК белгілейді. Бұл ретте қабылдаушы Тараптың міндettі жарналары басқа Тараптардың міндettі жарналарынан кем болмауға тиіс.

Міндettі жарналардың мөлшері СІМК-де қол қойылған жеке хаттамада анықталған.

Түркі Академиясына ерікті жарналар мөлшері шектелмейді.

9-бап

СІМК уәкілеттік берген орган жылайна кемінде бір рет Түркі Академиясының қаржы-шаруашылық қызметі бойынша тәуелсіз аудит жүргізеді. Түркі Академиясының Президенті уәкілетті органға тәуелсіз аудит жүргізуге толық жәрдем көрсетеді және қажетті барлық құжаттарды береді.

Тәуелсіз аудиттің нәтижесі бойынша жасалған аудиторлық есепті Түркі Академиясының Президенті барлық Тарапқа жібереді.

10-бап

СІМК шешімімен үшінші мемлекет үкіметтері мен халықаралық ұйымдар бақылаушы мәртебесін ала алады.

11-бап

Түркі Академиясының жұмыс тілдері Тараптардың мемлекеттік/ресми тілдері және ағылшын тілі болып табылады.

12-бап

Тараптар осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындауды мүмкін келіспеушіліктерді консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді.

13-бап

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 14-бабында белгіленген рәсімге сәйкес күшіне енетін жекелеген хаттамалар түрінде ресімделеді.

14-бап

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және оның күшіне енуіне қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы дипломатиялық арналар арқылы депозитарий үшінші жазбаша хабарламаны алғаннан кейін отызынши күні күшіне е н е д і .

Осы Келісім оған қосылған басқа мемлекеттер үшін оны ратификациялау туралы тиісті құжатты дипломатиялық арналар арқылы депозитарий алғаннан кейін отызынши күні күшіне енеді .

Осы Келісім оның күшіне енген күнінен бастап оған басқа түркітілдес мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

15-бап

Егер Тараптардың бірі осы Келісімнен шығу туралы шешім қабылдайтын болса, ол дипломатиялық арналар арқылы депозитарий Тараптың жазбаша хабарламасын алған күннен бастап алты ай өткен соң осы Тарап үшін ғана жарамсыз болып қалады.

Осы Келісімнен шығатын Тарап Түркі Академиясының мүлкіне құқығынан, оның

ішінде зияткерлік меншік құқығынан, Түркі Академиясына сыйға берген артефактардан немесе басқа да кәдесыйлардан, сондай-ақ кітаптар мен сол сияқты электрондық материалдардан бас тартады.

16-бап

Осы Келісімнің депозитарийі Қазақстан Республикасы болып табылады.

2012 жылғы «23» тамызда Бішкек қаласында әзербайжан, қазақ, қырғыз, түрік және ағылшын тілдерінде бірдей күші бар бір тұпнұска данада жасалды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүргінеді.

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы әрбір қол қойған Тарапқа расталған көшірмесін жіберетін депозитарийде сақталады.

*Әзербайжан Республикасының Үкіметі үшін
Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін
Кыргыз Республикасының Үкіметі үшін*

Түрік Республикасының Үкіметі үшін

РҚА О-ның ескертпесі!

Бұдан әрі Келісімнің әзербайжан, қырғыз, түрік және ағылшын тілдеріндегі
мәтіндері берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүктық ақпарат институты» ШЖҚ РМК